| 2.4.6. Қарыз алушыға SMS-хабарлама және/немесе Push-хабарлама және/немесе электрондық хат жіберу арқылы және/немесе Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі өткен күннен бастап, бірақ 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей заңнамада белгіленген мерзімде Өтініште, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы көрсетілген мекенжайлар бойынша немесе телефон нөміріне пошта жөнелтімдері түрінде мыналар туралы хабарлау. Хабарламалада мыналар қамтылады:<br>Хабарламада көрсетілген күнге Шарт бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;<br>Шарт бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап;<br>қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау салдарларын түсіндіру;<br>қарыз алушының «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-2 бабының 2-тармағында айқындалған тәртіппен микрокредитті беру туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен ұйымға жүгіну құқығына нұсқау;<br>Кредитордың қалауы бойынша өзге де мәліметтер.<br>Хабарлама, егер ол Қарыз алушыға Шартта көзделген мынадай тәсілдердің бірімен жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі:<br>- Шарт деректемелерінде көрсетілген | 2.4.6. уведомить Заемщика посредством отправки SMS-сообщения и/или Push-уведомления и/или электронного письма и/или в виде почтовых отправлений по адресам или на номер телефона, указанные им в Заявлении, а также через цифровые объекты, в срок установленный законодательством, но не позднее 10 (десяти) календарных дней с даты наступления просрочки исполнения обязательств по Договору. Уведомление содержит:<br>размер просроченных платежей по Договору на дату, указанную в уведомлении;<br>требование о внесении просроченных платежей по Договору;<br>разъяснение последствий неисполнения заемщиком обязательств по Договору;<br>указание на право заемщика обратиться в организацию с предложением о внесении изменений в договор о предоставлении микрокредита в порядке, определенном пунктом 2 статьи 9-2 Закона Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности»;<br>иные сведения по усмотрению Кредитора.<br>Уведомление считается доставленным, если оно направлено Заемщику одним из следующих способов, предусмотренных Договором:<br>- на адрес электронной почты, указанный в реквизитах Договора;<br>по месту жительства, указанному в реквизитах |

| | |
|---|---|
| электрондық пошта мекенжайына;<br>Шарттың деректемелерінде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын отбасының кәмелетке толған мүшелерінің бірі алды;<br>- Қарыз алушының Хабарламаны алғанын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып;<br>Хабарламаны адресатқа, алушыға табыс ету мүмкін еместігі туралы белгімен немесе оныққабылдаудан бас тартуға байланысты қайтарған жағдайда, сондай-ақ осы тармақшда көрсетілген өзге байланыс құралын пайдаланған кезде оны қабылдау расталмаған жағдайда, хабарламада тиісті түрде жіберілген болып есептеледі. | Договора, заказным письмом с уведомлением о его вручении, в том числе получено одним из совершеннолетних членов семьи, проживающим по указанному адресу;<br>- с использованием иных средств связи, обеспечивающих фиксирование получения уведомления Заемщиком.<br>В случае возврата уведомления с отметкой о невозможности его вручения адресату, получателю, либо в связи с отказом в его принятии, а также не подтверждением его принятия при использовании иного средства связи, указанного в настоящем подпункте, уведомление считается направленным надлежащим образом; |
| 2.4.7. Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістер Қарыз алушының өтінішін алған күннен кейін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде қарау; | 2.4.7. рассмотреть в течение 15 (пятнадцати) календарных дней после дня получения заявления Заемщика предложенные изменения в условия Договора; |
| 2.4.8. Кредитор Шарт бойынша жақсартатын талаптарды қолданған кезде қарыз алушыны SMS-хабарлама және/немесе Push-хабарлама және/немесе электрондық хат жіберу арқылы және/немесе Өтініште көрсетілген мекенжайлар бойынша немесе телефон нөміріне пошта жөнелтімдері түрінде Шарт талаптарының өзгергені туралы хабардар ету; | 2.4.8. уведомить Заемщика об изменении условий Договора при применении Кредитором улучшающих условий по Договору посредством отправки SMS-сообщения и/или Push-уведомления и/или электронного письма и/или в виде почтовых отправлений по адресам или на номер телефона, указанные им в Заявлении; |
| 2.4.9. Қарыз алушының жазбаша өтінішін қарауға және оған жазбаша шешім дайындауға; | 2.4.9. рассмотреть и подготовить письменное решение на письменное обращение Заемщика; |
| 2.4.10. орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органға, сондай-ақ қарыз алушыларға микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша 2 (екі) баспа басылымда тиісті ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде жариялау жолымен, сондай-ақ қарыз алушының заңды мекенжайы бойынша не әрбір қарыз алушыға осындай өзгерістер күнінен күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде жазбаша хабарлау жолымен жазбаша хабарлау; | 2.4.10. в случае изменения места нахождения либо изменения наименования письменно известить об этом уполномоченный орган, а также заемщиков путем опубликования соответствующей информации в 2 (двух) печатных изданиях на казахском и русском языках по месту нахождения микрофинансовой организации, а также по юридическому адресу заемщика либо путем письменного уведомления каждого заемщика в срок не позднее тридцати календарных дней с даты таких изменений; |
| 2.4.11. микрокредиттер беру қағидаларының көшірмесін Қарыз алушының қарауы және танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде Кредитордың интернет-ресурсында орналастыру; | 2.4.11. разместить копию правил предоставления микрокредитов в месте, доступном для обозрения и ознакомления Заемщиком, в том числе на интернет-ресурсе Кредитора; |

| | |
|---|---|
| 2.4.12. Қарыз алушыдан есептелген сыйақыны ұстап қалумен, тұрақсыздық айыбын немесе қайтарғаны үшін айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін өндіріп алмай, микрокредитті ішінара не толық мерзімінен бұрын өтеу есебіне ақша қабылдау; | 2.4.12. принять деньги от Заемщика в счет частичного либо полного досрочного погашения микрокредита с удержанием начисленного вознаграждения, без взимания неустойки или иных видов штрафных санкций за возврат; |
| 2.4.13. Қарыз алушының өтініші бойынша айына бір реттен жиі емес 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеусіз жазбаша нысанда Шарт бойынша берешекті өтеу есебіне түсетін ақшаның (негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) бөлінуі туралы ақпаратты ұсынуға; | 2.4.13. по заявлению Заемщика безвозмездно не чаще одного раза в месяц представить в срок не более 3 (трех) рабочих дней в письменной форме информацию о распределении (на основной долг, вознаграждение, неустойку (штрафы, пени) поступающих денег в счет погашения задолженности по Договору; |
| 2.4.14. Қарыз алушының Шарт бойынша берілген ақшаны Кредиторға ішінара немесе толық мерзімінен бұрын қайтару туралы өтініші бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оған негізгі борышқа, сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға) бөле отырып қайтарылуға тиісті соманың мөлшерін өтеусіз хабарлауға;<br>2.4.15. Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын;<br>төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен Қарыз алушы Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініш берген кезде «Микроқаржылық қызмет туралы» ҚР Заңының 9-2-бабы 2-тармағының 2) және (немесе) 3) тармақшаларында көзделген Шарт талаптарына кемінде үш ай мерзімге өзгерістер енгізуге.<br>Осы тармақшаның екінші абзацында көрсетілген қарыз алушымен жасалған Шарт талаптарына ұсынылған өзгерістермен келісу туралы шешім Қарыз алушының өтініш жасаған айының алдындағы екі ай ішінде есептелген орташа айлық кірісі қарыз алушының өтініш жасаған немесе атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған айдың алдындағы он екі ай ішінде есептелген орташа айлық кірісімен салыстырғанда отыз пайыздан астам төмендеген жағдайда қабылданады; | 2.4.14. по заявлению Заемщика о частичном или полном досрочном возврате Кредитору предоставленных по Договору денег безвозмездно в срок не более 3 (трех) рабочих дней сообщить ему размер причитающейся к возврату суммы с разбивкой на основной долг, вознаграждение, неустойку (штрафы, пени);<br>2.4.15. внести изменения в условия Договора, предусмотренные в подпунктах 2) и (или) 3) пункта 2 статьи 9-2 Закона РК «О микрофинансовой деятельности» на срок не менее трех месяцев при подаче заявления о внесении изменений в условия Договора, Заемщиком:<br>относящимся к социально уязвимым слоям населения в соответствии с Законом Республики Казахстан "О жилищных отношениях";<br>пострадавшим в результате обстоятельств, послуживших основанием для введения чрезвычайного положения.<br>Решение о согласии с предложенными изменениями в условия Договора, заключенного с заемщиком, указанным в абзаце втором настоящего подпункта, принимается при условии снижения среднемесячного дохода Заемщика, рассчитанного за два месяца, предшествующие месяцу обращения Заемщика с заявлением, более чем на тридцать процентов по сравнению со среднемесячным доходом Заемщика, рассчитанным за двенадцать месяцев, предшествующих месяцу обращения заемщика с заявлением либо назначения адресной социальной помощи; |

| | |
|---|---|
| 2.4.16. (*2026 жылғы 01 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі*) екінші деңгейдегі банктен немесе өзге ұйымнан банктік шотқа Қарыз алушы туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі), сондай-ақ шарттардың нөмірлері мен күндері көрсетілген төлем түскен кезде ақшаны нұсқауда көрсетілген микрокредит (микрокредиттер) бойынша берешекті өтеу есебіне Қарыз алушыдан ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеу туралы өтінішті талап етпестен, олар түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей бағыттауға.<br>Микрокредитті толық мерзімінен бұрын өтеу үшін сома жеткіліксіз болған кезде, Кредитор микрокредит беру туралы Шартта белгіленген тәртіппен өзінің банктік шотына түскен сомаға тең сомаға микрокредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырады.<br>Осы тармақшаның бірінші абзацында көрсетілген мерзімде Кредитор Қарыз алушыға негізгі борыш, есептелген сыйақы және тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) бөлінісінде берешек қалдығын көрсете отырып, берешектің толық немесе ішінара мерзімінен бұрын өтелгені туралы SMS-хабарлама және/немесе Push-хабарлама және/немесе электрондық хат жіберу арқылы және/немесе ол Өтініште көрсеткен мекенжайлар немесе телефон нөмірі бойынша пошта жөнелтілімдері түрінде және цифрлық объектілер арқылы хабарлайды. | 2.4.16. *(вводится в действие с 01.10.2026г.)* при поступлении на банковский счет от банка второго уровня или иной организации платежа с указанием сведений о Заемщике (фамилия, имя, отчество (при его наличии), индивидуальный идентификационный номер), а также номеров и дат договоров направить деньги в счет погашения задолженности по микрокредиту (микрокредитам), указанному в указании, не позднее 5 (пяти) рабочих дней с даты их поступления без истребования от Заемщика заявления о частичном или полном досрочном погашении.<br>При недостаточности суммы для полного досрочного погашения микрокредита, Кредитор осуществляет частичное досрочное погашение микрокредита на сумму, равную поступившей на ее банковский счет, в порядке, установленном Договором о предоставлении микрокредита.<br>В срок, указанный в абзаце первом настоящего подпункта, Кредитор уведомляет Заемщика посредством отправки SMS-сообщения и/или Push-уведомления и/или электронного письма и/или в виде почтовых отправлений по адресам или на номер телефона, указанные им в Заявлении, и через цифровые объекты о полном либо о частичном досрочном погашении задолженности с указанием остатка задолженности в разрезе основного долга, начисленного вознаграждения и неустойки (штрафов, пени). |
| 2.4.17. *(2026 жылғы 01 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі)* берешекті сырттай қайта қаржыландыру мақсатында микрокредит берген кезде, қайта қаржыландырылатын банктік қарызды (микрокредитті) берген екінші деңгейдегі банктің (ұйымның) банктік шотына микрокредит сомасын аударуға Қарыз алушының келісімін алуға және төлем мақсатында Қарыз алушы туралы мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі), сондай-ақ банктік қарыз шарттарының (микрокредит беру туралы шарттардың) нөмірлері мен күндерін көрсете отырып, ақшаны көрсетілген екінші деңгейдегі банктің (ұйымның) банктік шотына аударуды жүргізуге;<br>Қарыз алушы осы арқылы қайта қаржыландырылатын банктік қарызды | 2.4.17. *(вводится в действие с 01.10.2026г.)* при выдаче микрокредита с целью внешнего рефинансирования задолженности, получить согласие Заемщика на зачисление суммы микрокредита на банковский счет банка второго уровня (организации), выдавшего рефинансируемый банковский заем (микрокредит) и произвести перечисление денег на банковский счет указанного банка второго уровня (организации) с указанием в назначении платежа сведений о Заемщике (фамилия, имя, отчество (при его наличии), индивидуальный идентификационный номер), а также номерах и датах договоров банковского займа (договоров о предоставлении микрокредита);<br>Заемщик настоящим дает согласие на зачисление суммы микрокредита на банковский счет банка второго уровня (организации), |

| | |
|---|---|
| (микрокредитті) берген екінші деңгейдегі банктің (ұйымның) банктік шотына микрокредит сомасын аударуға келісім береді. | выдавшего рефинансируемый банковский заем (микрокредит). |
| 2.4.18. «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 2-тармағымен және Шартта белгіленген өзге де талаптарды сақтау. | 2.4.18. соблюдать иные требования, предусмотренные пунктом 2 статьи 7 Закона РК «О микрофинансовой деятельности» и Договором. |
| **2.5. Кредитордың құқықы жоқ:** | **2.5. Кредитор не вправе:** |
| 2.5.1. сыйақы мөлшерлемесін (оларды жақсарту/төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін қоса алғанда, талаптарды біржақты тәртіппен өзгертуге; | 2.5.1. в одностороннем порядке изменять ставку вознаграждения (за исключением случаев их снижения) и (или) способа и метода погашения микрокредита; |
| 2.5.2. кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байлыныcты микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеуге және алуға; | 2.5.2. устанавливать и взимать с Заемщика любые платежи, за исключением вознаграждения и неустойки (штрафа, пени) по микрокредиту, связанному с осуществлением предпринимательской деятельности; |
| 2.5.2.1. кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеуге және өндіріп алуға; | 2.5.2.1. устанавливать и взимать с Заемщика любые платежи, за исключением вознаграждения и неустойки (штрафа, пени) за нарушение обязательства по возврату суммы микрокредита и (или) уплате вознаграждения по микрокредиту, не связанному с осуществлением предпринимательской деятельности; |
| 2.5.3. микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және басқа да төлемдерді талап етуге; | 2.5.3. требовать от Заемщика, являющегося физическим лицом, досрочно полностью или частично возвратившего сумму микрокредита, неустойки (штрафа, пени) и другие платежи за досрочный возврат микрокредита; |
| 2.5.4. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе және негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін өндіріп алуға; | 2.5.4. взимать неустойку или иные виды штрафных санкций если дата погашения основного долга и (или) вознаграждения выпадает на выходной либо праздничный день, и уплата основного долга и (или) вознаграждения производится в следующий за ним рабочий день; |
| 2.5.5. теңгемен берілген микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып индекстеуді жүзеге асыруға; | 2.5.5. осуществлять индексацию обязательств и платежей по микрокредиту, выданному в теңге, с привязкой к любому валютному эквиваленту; |
| 2.5.6. Шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға; | 2.5.6. увеличивать сумму микрокредита по Договору; |
| 2.5.7. кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес қарыз алушы - жеке тұлғаның микрокредиті бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімін | 2.5.7. требовать выплаты вознаграждения, неустойки (штрафов, пени), начисленных по истечении девяноста последовательных календарных дней просрочки исполнения обязательства по погашению любого из платежей по суммам основного долга и (или) |

| | |
|---|---|
| өткізіп алған күнтізбелік тоқсан күн өткеннен кейін есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеуді талап етуге (*егер ол жасалған күні негізгі борыштың сомасы тіркеуге жататын мүліктің кепілімен және (немесе) ақша кепілімен толық қамтамасыз* етілген жағдайда, осы тармақшаның талабы Микрокредит беру туралы шартқа қолданылмайды); | вознаграждения по микрокредиту заемщика - физического лица, не связанному с осуществлением предпринимательской деятельности (*требование настоящего подпункта не распространяется на Договор о предоставлении микрокредита в случае, если на дату его заключения сумма основного долга полностью обеспечивалась залогом имущества, подлежащего регистрации, и (или) залогом денег*); |
| 2.5.8. Берешек коллекторлық агенттікте сотқа дейінгі өндіріп алуда және реттеуде болған кезеңде Қарыз алушының берешегін өндіріп алу туралы сотқа талап арызбен жүгінуге, берешек коллекторлық агенттікте жұмыс істеген кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ көрсетілген кезеңде негізгі борыш пен сыйақыны уақтылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) есептеуге құқылы емес. | 2.5.8. В период нахождения задолженности на досудебных взыскании и урегулировании у коллекторского агентства, обращаться с иском в суд о взыскании задолженности Заемщика, требовать выплаты вознаграждения за период нахождения задолженности в работе у коллекторского агентства, а также начислять в указанный период неустойку (штраф, пеню) за несвоевременное погашение основного долга и вознаграждения. |
| 2.5.9 Келісім бойынша қарызды өндіріп алу үшін орындау парағын беру туралы өтінішті нотариусқа тапсыру, бұл нотариустың құзыретіне кірмесе де, Келісімде көрсетілген Қарыз алушының (қарызды өтемеген тұлғаның) мекенжайына сәйкес, сондай-ақ Несие берушінің серіктес нотариусына. | 2.5.9. подавать нотариусу заявление о совершении исполнительной надписи для взыскания задолженности по Договору не по территории деятельности нотариуса в соответствии с указанным в Договоре адресом Заемщика (должника), а также к нотариусу, являющемуся аффилированным лицом Кредитора. |
| 2.5.10. жеке тұлғамен жасалған Шарттың қолданылу мерзімін оның келісімінсіз және Шарт талаптарын сақтауды немесе жақсартуды қамтамасыз етпейтін шарттарда ұлғайту; | 2.5.10. увеличивать срок действия Договора, заключенного с физическим лицом, без его согласия и на условиях, не обеспечивающих сохранение либо улучшение условий Договора; |
| 2.5.11. «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 3-тармағы 1-1) тармақшасының екінші бөлігінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша мерзімі өткен берешегі күнтізбелік елу күннен асатын жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беруге; | 2.5.11. предоставлять микрокредит, не связанный с осуществлением предпринимательской деятельности, физическому лицу, имеющему просроченную задолженность по банковскому займу и (или) микрокредиту свыше пятидесяти календарных дней, с учетом исключений, предусмотренных частью второй подпункта 1-1) пункта 3 статьи 7 Закона Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности»; |

| | |
|---|---|
| 2.5.12. егер микрокредит беру шарттарында қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында сақтандыру және (немесе) бағалауды жүргізуге шарттар жасасу, сондай-ақ Қарыз алушыға өзінің өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеу талаптары көзделген болса, сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда Қарыз алушыны, кепіл берушіні шектеуге; | 2.5.12. ограничивать Заемщика, залогодателя в выборе страховой организации и (или) оценщика, если условиями о предоставлении микрокредита предусмотрены требования о заключении договоров страхования и (или) на проведение оценки в целях определения рыночной стоимости имущества, являющегося обеспечением, а также возложение на Заемщика обязанности страховать свою жизнь и здоровье; |
| 2.5.13. *(2026 жылғы 01 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі)* Қарыз (микрокредит) бойынша берешек өтелуге жататын екінші деңгейлі банктің (ұйымның) банктік шотынан басқа, екінші деңгейлі банктегі немесе ұйымындағы қарызды (микрокредитті) сыртқы қайта қаржыландыру мақсатында берілген микрокредитті өзге шотқа аударуды жүзеге асыру. | 2.5.13. *(вводится в действие с 01.10.2026г.)* осуществлять перевод микрокредита, выданного с целью внешнего рефинансирования займа (микрокредита) в другом банке второго уровня или организации, на счет иной кроме банковского счета банка второго уровня (организации), в котором подлежит погашению задолженность по займу (микрокредиту). |
| **3. МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**. | **3. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН ЗА НАРУШЕНИЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВ**. |
| 3.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесетиісінше орындамағаны үшін кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады. | 3.1. За неисполнение или ненадлежащее исполнение своих обязательств по настоящему Договору виновная Сторона несет ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан и Договором. |
| 3.1.1. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу туралы талаптарды есептеу және ұсыну Тараптардың міндеті емес, құқығы болып табылады. Егер олар көрсетілмеген болса, онда олар төлеуге жатпайды. | 3.1.1. Начисление и предъявление требований об уплате неустойки (штрафа, пени) является правом, а не обязанностью Сторон. В том случае если они не предъявлялись, то оплате не подлежат. |
| 3.2. Осы Шарт/Өтініш бойынша міндеттемелер орындалмаған/тиісінше орындалмаған жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу және өтелген залалдар Қарыз алушыны олардың талаптарын тиісінше орындаудан босатпайды, бұл ретте Кредитор осы Шартта және Өтініште айқындалған шараларды қабылдау және құқықтарды іске асыру құқығын өзіне қалдырады. | 3.2. Уплата неустойки (штрафа, пени) и возмещенные убытки в случае неисполнения/ненадлежащего исполнения обязательств по настоящему Договору/Заявлению, не освобождают Заемщика от надлежащего исполнения их условий, при этом Кредитор оставляет за собой право принимать меры и реализовывать права, определенные настоящим Договором и Заявлением. |
| 3.3. Кредитор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қарыз алушы алдында жауапты болады. | 3.3. Кредитор несет ответственность перед Заемщиком за неисполнение или ненадлежащее исполнение своих обязательств по настоящему Договору в соответствии с законодательством Республики Казахстан. |

| | |
|---|---|
| 3.4. Кредитордың жауапкершілігі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, оның кінәсі (қасақаналығы немесе абайсыздығы) болған жағдайда туындайды. | 3.4. Ответственность Кредитора наступает при наличии его вины (умысла или неосторожности), если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан. |
| 3.5. Қарыз алушы Шарт жасасу үшін және микрокредит бойынша құжаттаманы дұрыс жүргізу үшін қажетті ұсынылған мәліметтер мен құжаттардың дұрыстығы мен түпнұсқалығы үшін толық жауапты болады. | 3.5. Заемщик несет полную ответственность за достоверность и подлинность предоставленных сведений и документов, необходимых для заключения Договора и для правильного ведения документации по микрокредиту. |
| 3.6. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі тарап осы бұзушылыққа байланысты туындаған нақты залалды өтейді және Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және Өтінішке сәйкес дербес жауапты болады. | 3.6. За неисполнение или ненадлежащее исполнение своих обязательств по настоящему Договору виновная сторона возмещает реальный ущерб, возникший в связи с этим нарушением и самостоятельно несет ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан, Договором и Заявлением. |
| **4. ШАРТ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ** | **4. ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ДОГОВОРА** |
| 4.1. Кредитор Қарыз алушымен алдын ала келіспей, осы Шартқа тек мынадай жағдайларда ғана өзгерістер енгізуге құқылы:<br>1) Қазақстан Республикасының заңнамасы және (немесе) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілері өзгеруінен туындайтын міндетті өзгерістерді енгізу;<br>2) Қарыз алушының жағдайын жақсартатын өзгерістерді енгізу (оның ішінде сыйақы мөлшерлемесін төмендету, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және өзге де төлемдерді алып тастау және (немесе) азайту, Қарыз алушының міндеттемелерін орындау мерзімдерін ұзарту). | 4.1. Кредитор вправе без предварительного согласования с Заемщиком вносить изменения в настоящий Договор исключительно в случаях:<br>1) внесения обязательных изменений, вытекающих из изменения законодательства Республики Казахстан и (или) нормативных правовых актов уполномоченного органа;<br>2) внесения изменений, улучшающих положение Заемщика (в том числе снижение ставки вознаграждения, отмена и (или) уменьшение неустойки (штрафа, пени) и иных платежей, продление сроков исполнения обязательств Заемщика). |
| 4.2. Кредитор Шарттың талаптарының өзгергені туралы осындай өзгерістер күшіне енгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей Кредитордың интернет-ресурсында немесе Қарыз алушының жеке кабинетінде ақпаратты орналастыру арқылы хабардар етеді. | 4.2. Кредитор уведомляет об изменении условий Договора не позднее чем за 5 (пяти) календарных дней до вступления таких изменений в силу путем размещения информации на интернет-ресурсе Кредитора или в Личном кабинете Заемщика. |
| 4.3. Қарыз алушының осы Шарттың талаптарын қабылдамау туралы өтінішті Кредитордың Шарттың өзгерістері/өзгертілген редакциясы туралы хабарламасы жарияланған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы Шарттың 4.1-тармағына сәйкес енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Кредиторға бермеуі Қарыз | 4.3. Непредоставление Заемщиком Кредитору заявления о непринятии условий настоящего Договора с учетом изменений, внесенных в соответствии с пунктом 4.1 Договора, в течение 10 (десяти) календарных дней с даты опубликования сообщения Кредитора о внесении изменений/измененной редакциии Договора, означает согласие Заемщика с новой |

| | |
|---|---|
| алушының Шарттың жаңа (өзгертілген) редакциясымен келісуін және енгізілген өзгерістерді ескере отырып, оған тұтастай қосылуын білдіреді. | (измененной) редакцией Договора и присоединение к нему в целом с учетом внесенных изменений. |
| 4.4. Қарыз алушы осы Шарттың өзгерістерімен келіспеген жағдайда, Қарыз алушы Кредитор алдындағы барлық берешекті өтеген жағдайда осы Шарттың қолданылуын тоқтатуға құқылы. | 4.4. При несогласии Заемщика с изменениями настоящего Договора, Заемщик вправе прекратить действие настоящего Договора при условии погашения всей задолженности перед Кредитором. |
| 4.5. Өтінішке өзгерістер мен толықтырулар, Өтінішке қосымша келісім жасасу талап етілмейтін шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, оған Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және осы Шартта көзделген тәсілдермен жасалатын тиісті қосымша келісімдермен ресімделеді. | 4.5. Изменения и дополнения к Заявлению оформляются соответствующими дополнительными соглашениями к нему, заключаемыми способами, не противоречащими законодательству Республики Казахстан и предусмотренными настоящим Договором, за исключением случаев, предусмотренных Договором, когда заключение дополнительного соглашения к Заявлению не требуется. |
| 4.6. Шарт талаптарына өзгерістерді қарау тәртібі, жеке тұлға - қарыз алушының Шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішіне қоса берілетін құжаттар тізбесі, сондай-ақ Кредитордың жеке тұлғалар - қарыз алушылардың банктік қарыз шартының және микрокредит беру туралы шарттың талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтініштерін қарау нәтижелері туралы уәкілетті органды хабардар ету тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады. | 4.6. Порядок рассмотрения изменений в условия Договора, перечень документов, прилагаемых к заявлению заемщика - физического лица о внесении изменений в условия Договора, а также порядок информирования Кредитором уполномоченного органа о результатах рассмотрения заявлений заемщиков - физических лиц о внесении изменений в условия договора банковского займа и договора о предоставлении микрокредита определяются нормативным правовым актом уполномоченного органа. |
| **5. КУӘЛАНДЫРУ, КЕЛІСІМ ЖӘНЕ КЕПІЛДІК** | **5. ЗАВЕРЕНИЯ, СОГЛАСИЯ И ГАРАНИИ** |
| 5.1. Қарыз алушы осы Шартта және Өтініште Қарыз алушы көрсеткен барлық ақпараттың толық және анық екенін растайды. | 5.1. Заемщик подтверждает, что вся информация, указанная Заемщиком в настоящем Договоре и Заявлении, является полной и достоверной. |
| 5.2. Жинауды, жазуды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), шығаруды, пайдалануды, үшінші тұлғаларға, оның ішінде Қарыз алушы осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда, осы тұлғалардың Шарт бойынша мерзімі өткен берешекті өндіріп алуға, дербес деректерді иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға және құртуға, сондай-ақ деректерді | 5.2. Заемщик сознательно, свободно, своей волей и в своем интересе дает свое согласие Кредитору на обработку всех его персональных данных, указанных в Договоре и Заявлении, а также всех иных персональных данных (в том числе персональных данных работников, участников, руководителя исполнительного органа Заемщика-индивидуального предпринимателяи/или юридического лица), которые Заемщик самостоятельно предоставляет Кредитору при регистрации на сайте Кредитора и/или Личном |

| | |
|---|---|
| трансшекаралық беруге бағытталған әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында коллекторлық агенттіктерге, Қарыз алушының жұмыс берушісіне, агенттік шарттар немесе Кредитормен жасалған өзге шарттар негізінде әрекет ететін жеке және заңды тұлғаларға беруді қоса алғанда, беруді (таратуды, ұсынуды, қол жеткізуді) қоса алғанда, Қарыз алушының дербес деректерімен автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе осындай құралдарды пайдаланбай кез келген әрекетті (операцияны) немесе әрекеттер (операциялар) жиынтығын жасауды қамтитын Қазақстан Республикасының Дербес деректер туралы заңнамасына сәйкес Қарыз алушы Кредитордың сайтында және/немесе Жеке кабинетте тіркелген кезде Кредиторға өз бетінше ұсынатын Шартта және Өтініште көрсетілген барлық дербес деректерін, сондай-ақ Қарыз алушы тіркеу кезінде Кредиторға дербес беретін барлық өзге де дербес деректерді (оның ішінде қызметкерлердің, қатысушылардың, Қарыз алушы-дара кәсіпкердің атқарушы органы басшысының дербес деректерін) Қарыз алушы саналы түрде, еркін, өз еркімен және өз мүддесі үшін Кредиторға өңдеуге өзінің келісімін береді. Қарыз алушы өзінің дербес деректерін онымен осы Шартты жасасу не оған микрокредит беруден бас тарту мақсатында, сондай-ақ Қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда ақшаны кейіннен сот не сотқа дейінгі тәртіппен өндіріп алу үшін пайдалануға келіседі. | Кабинете, в соответствии с законодательством Республики Казахстан о персональных данных, которая включает совершение любого действия (операции) или совокупности действий (операций) с использованием средств автоматизации или без использования таких средств с персональными данными Заемщика, включая сбор, запись, систематизацию, накопление, хранение, уточнение (обновление, изменение), извлечение, использование, передачу (распространение, предоставление, доступ), включая передачу третьим лицам, в том числе коллекторским агентствам, работодателю Заемщика, физическим и юридическим лицам, действующим на основании агентских договоров или иных договоров, заключенных ими с Кредитором, в том числе в случае неисполнения и/или ненадлежащего исполнения Заемщиком обязательств по настоящему Договору, с целью осуществления этими лицами действий, направленных на взыскание просроченной задолженности по Договору, обезличивание, блокирование, удаление и уничтожение персональных данных, а также на трансграничную передачу данных. Заемщик соглашается на использование его персональных данных в целях заключения с ним настоящего Договора либо отказа в предоставлении ему микрокредита, а также для последующего взыскания в судебном либо досудебном порядке денег в случае нарушения Заемщиком своих обязательств по Договору. |
| 5.3. Қарыз алушы Кредиторға өзінің барлық дербес деректерін (оның ішінде қызметкерлердің, қатысушылардың, Қарыз алушы-дара кәсіпкердің атқарушы органы басшысының дербес деректерін) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық тиісінше орындаған сәтке дейін пайдалануға, сақтауға және өңдеуге өзінің келісімін береді. | 5.3. Заемщик дает свое согласие Кредитору на использование, хранение и обработку всех его персональных данных (в том числе персональных данных работников, участников, руководителя исполнительного органа Заемщика-индивидуального предпринимателя и/или юридического лица)<br>до момента полного надлежащего исполнения им своих обязательств по Договору. |
| 5.4. Өтінішке қол қою арқылы Қарыз алушы келісім білдіреді және Шарт бойынша Кредитордың құқықтарының (талаптарының) ықтимал кепілі туралы және/немесе Шарт бойынша Кредитордың құқықтарының (талаптарының) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ Кредитордың | 5.4. Подписанием Заявления Заемщик выражает согласие и уведомлен о возможном залоге прав (требований) Кредитора по Договору и/или о возможности перехода прав (требований) Кредитора по Договору третьему лицу, а так же о том, что обработка персональных данных Заемщика в связи с уступкой прав Кредитора |

| | |
|---|---|
| құқықтарын басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өңдеуді Шартта көзделген тәсілмен үшінші тұлға жүзеге асыратыны туралы хабардар етіледі не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен және осымен Кредиторға Қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық тиісінше орындаған сәтке дейін үшінші тұлғаның осындай деректерді өңдеуі үшін талап ету құқықтарын кепілге қоюға және/немесе беруге (басқаға беруге) байланысты шарт бойынша берілген оның барлық дербес деректерін үшінші тұлғаға беруге өзінің келісімін береді. | будет осуществляться третьим лицом способом, предусмотренным в Договоре либо способом, не противоречащим законодательству Республики Казахстан и настоящим дает Кредитору свое согласие на передачу всех его персональных данных, предоставленных по Договору, третьему лицу в связи с залогом и/или передачей прав требования (уступкой), для обработки третьим лицом таких данных до момента полного надлежащего исполнения Заемщиком своих обязательств по Договору. |
| 5.5. Қарыз алушы кредиторға өтінішті қарапайым жазбаша нысанда жіберу арқылы ұсынылған дербес деректерді пайдалануға келісімді кері қайтарып алу мүмкіндігі туралы хабардар етілген. Бұл ретте Кредитордың Қарыз алушыдан дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді кері қайтарып алу туралы өтініш алғаннан кейін дербес деректерді өңдеуді жалғастыруға құқығы бар екендігімен келіседі:<br>-тиісті қызмет көрсету/операция/төлем аяқталған сәтке дейін;<br>- Шартты орындағанға дейін;<br>егер дербес деректерді өңдеуді жалғастыру қолданыстағы заңнаманың талаптарына (мұндай жағдайда дербес деректерді өңдеу заңнама талаптарын орындау үшін қажетті шектерде жүзеге асырылады), Кредитордың ішкі құжаттарына байланысты болса. | 5.5. Заемщик уведомлен о возможности отзыва согласия на использование предоставленных персональных данных путем направления заявления Кредитору в простой письменной форме. При этом согласен, что Кредитор имеет право продолжить обработку персональных данных после получения от Заемщика заявления об отзыве согласия на сбор и обработку персональных данных:<br>- до момента завершения оказания соответствующей(-го)<br>услуги/операции/платежа;<br>- исполнения Договора;<br>если продолжение обработки персональных данных обусловлено требованиями применимого законодательства (в таком случае обработка персональных данных осуществляется в пределах, необходимых для выполнения требований законодательства), внутренними документами Кредитора. |
| 5.6. Кредитор Қарыз алушы хабарлаған кез келген ақпаратты тексеруге құқылы екендігімен Қарыз алушы келіседі, ал Қарыз алушы ұсынған құжаттар мен көшірмелер, сондай-ақ Өтініштің 1 (бір) данасы және Кредитордың сайтынан (қажет болған жағдайда) және/немесе Жеке кабинеттен (қажет болған жағдайда) Шарттың көшірмесі Кредиторда сақталатын болады. | 5.6. Заемщик согласен, что Кредитор вправе проверить любую сообщаемую им информацию, а предоставленные Заемщиком документы и копии, а также 1 (один) экземпляр Заявления и, копия Договора с сайта Кредитора (при необходимости) и/или Личного кабинета (по необходимости), будут храниться у Кредитора. |
| 5.7. Қарыз алушы Кредиторға Шартта көрсетілген мәліметтерді тексеру және ол туралы ақпарат алу, сондай-ақ Кредитордың ол туралы және Шарт туралы мәліметтерді Кредиттік бюроларға беруі үшін Кредиттік бюроларға жүгінуге келісім береді. | 5.7. Заемщик предоставляет Кредитору согласие обращаться в Кредитные бюро для проверки сведений, указанных в Договоре, и получения информации о нем, а также на предоставление Кредитором сведений о нем и о Договоре в Кредитные бюро. |
| 5.8. Қарыз алушы Кредитордан Шарт бойынша міндеттемелерді орындау | 5.8. Заемщик дает свое согласие на получение от Кредитора любых информационных |

| | |
|---|---|
| мерзімдерінің басталуы, Шартты орындауға байланысты соманы, өзге де ақпаратты, оның ішінде Шарт бойынша барлық берешекті мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптарды көрсете отырып, мерзімі өткен берешектің туындауы немесе болуы туралы SMS-хабарламаны, Push-хабарламаны, қоса алғанда, кез келген байланыс арналары бойынша -ескерту, пошта хатын, жеделхатты, дауыстық хабарламаны, электрондық пошта хабарламасын қоса алғанда кез келген байланыс арналары арқылы кез келген ақпараттық материалдарды алуға өз келісімін береді. Бұл ретте осы ақпараттық таратулар үшін Қарыз алушы Кредиторға үшінші тұлғаларға микрокредит беру құпиясын ашуға және Қарыз алушы Кредиторға берген кез келген байланыс ақпаратын, оның ішінде байланыс тұлғаларын пайдалануға рұқсат береді. | материалов, информационных материалов о наступлении сроков исполнения обязательств по Договору, возникновении или наличии просроченной задолженности с указанием суммы, иной информации, связанной с исполнением Договора, в том числе требований о досрочном погашении всей задолженности по Договору, по любым каналам связи, включая: SMS-оповещение, Push-уведомление, почтовое письмо, телеграмму, голосовое сообщение, сообщение по электронной почте. При этом для данных информационных рассылок Заемщик разрешает Кредитору раскрывать тайну предоставления микрокредита третьим лицам и использовать любую контактную информацию, в том числе контактных лиц, переданную Заемщиком Кредитору. |
| 5.9. Қарыз алушы Кредиторға құқық береді және Кредитордың ол туралы ақпаратты кез келген ықтимал көздерден (соның ішінде мемлекеттік дерекқорлар мен Кредиттік бюролардан) алуға келіседі. | 5.9. Заемщик предоставляет Кредитору право и согласен на получение Кредитором информации о нем из любых возможных источников (включая государственные базы данных и Кредитные бюро). |
| 5.10. Қарыз алушы Кредитордан жарнамалық материалдар мен Кредитордың қызметтері мен науқандары туралы ақпаратты, қосымша қызметтерді сатып алу туралы ұсыныстары бар хабарламаларды және (немесе) хабарларды алуға келісімін береді. | 5.10. Заемщик дает свое согласие на получение от Кредитора рекламных материалов и информации об услугах и акциях Кредитора, уведомлений и (или) сообщений с предложениями о приобретении дополнительных услуг. |
| 5.11. Қарыз алушы микрокредит сомасын Шоттан/Картадан қолма-қол ақшамен алған жағдайда банк қолма-қол ақшаны алу үшін комиссия алуы мүмкін екендігі туралы хабардар етіледі. | 5.11. Заемщик уведомлен, что в случае снятия им суммы микрокредита наличными со Счета/Карты, банк может взимать комиссию за снятие наличных денег. |
